

**«Арай» бөбекжай-балабақшасының №2 педагогикалық кеңесінің**

**хаттамасы**

**Тайқоңыр елді мекені**

**«30» қыркүйек 2022ж**

**Қатысуға тиіс:**

**Қатысқандары:**

**Күн тәртібінде**

- 1.Деніңіз сау болсын десеңіз.**
- 2.Бірінші пед.кеңестің шешімін жүзеге асыру.**
- 3.МДМ ересек жастағы балалармен дене-шынықтыру жұмысын жүргізу.**
- 4.Психологиялық-педагогикалық жағдайда ата-аналармен балалар арасындағы қарым-қатынасты дене тәрбиесі амалдары арқылы үйлестіру.**

**Тыңдалды:**

**Сейсембиева Л.Ш.-меңгеруші.**

1.Денің сау болсын десең, ең бастысы салауатты өмір салтын ұстану қажет деп ойлаймын, себебі салауатты өмір салты- бұл ең әуелі денсаулықты сақтауға, және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. Денсаулықты сақтау және нығайту туралы білім беру, салауатты өмір салтына тәрбиелеу түрлі іс-шаралармен бірлестіре жүргізу керек екенін айтты.

2.Бірінші кеңес бойынша берілген тапсырмалар тыңдалып орташа деген баға берілді.

3.МДМ ересек топтағы денешынықтыру сабақтарын қолға алып, түрлі іс-шаралар өткізу туралы айтылды.

4.Ата-аналар жиналысы ортаға салынып талқыланды. Ол жердегі педагог ата-ана қарым қатынасы туралы айтылып, осы бағытта жұмыстағы кемшіліктермен жетістіктер туралы ауызша есеп берілді.

**Талқылау жұмысы:**

**Жанибекова А. Шабдан А.- тәрбиеші.**

1-мәселе. Денсаулықты бұзу салауатты өмір салтынан ауытқу. Бала денсаулығына елеулі зиян келтіретін факторларды анықтап осы бағытта жасалған жұмыстармен таныстырды.

**Жақсылыққызы Х.-тәрбиеші.**

2-мәселе. «Денсаулық», «Дене бітім мәдениеті»- ұғымдарынсыз бала денсаулығын сақтау және дамыту мүмкін бе? Топтардағы атқарған жұмыстарын қорытындылап, талдау жұмысын жүргізді.

**Бегімбетова Г.-медбике.**

3-көрме. «Салауатты жанұя». Осы бағытта жасалған гигиеналық, профилактикалық жұмыстарға мағлұмат беріп шықты.

**Педагогикалық кеңестің шешімі:**

- 1.Денешынықтыру ҰОҚ көңіл бөлу, жүйелі түрде **ӨТКІЗІЛСІН.**
- 2.Топтардағы балалардың жеке гигиеналық заттарын қадағалау,реттеу.
- 3.Жүйелі түрде тәжірибе алмасу мақсатында оқу қызметіне ену.

Балабақша меңгерушісі:



Сейсембиева Л.Ш.

Хатшы:

Жанибекова А.

**«Арай» бөбекжай-балабақшасының №3 педагогикалық кеңесінің**

**хаттамасы**

**Тайқоңыр елді мекені**

**«17» желтоқсан 2022ж**

**Қатысуға тиіс:**

**Қатысқандары:**

**Күн тәртібінде**

- 1.Заттың дамыту ортасы- баланы дамытудың көзі.**
- 2.№2 педкеңес шешімінің жүзеге асырылуы.**
- 3.Балалардың тілін дамыту жұмыстарында оқытудың әдістерін қолдану.**
- 4.Сюжетті- рөлді ойын баланың дамуына алатын орны.**
- 5.Дамыту ойындарын өткізу барысында балалардың тілін дамыту.**

**Тыңдалды:**

**Сейсембиева Л.Ш.- меңгеруші.**

1)Балабақша педагогтарының мектепке дейінгі білім беру стандартына сәйкес топтарда заттың дамытушы орта болу керек екенін айтып кетті. Осы бағытта жұмыс жасауда тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыруын қамтамасыз ету, және баланың жас ерекшелігіне қарай ортаны жобалау керек екені айтылды.

2)2педагогикалық кеңес шешімінің жүзеге асырылуы бойынша жасалынған жұмыстар талқыланды.

**Талқыланды:**

Шабдан А.- тәрбиеші тіл дамыту жұмыстары бойынша қолданған әдіс-тәсілдерін көрсетіп таныстырды. Тәрбиешілер сұрақ-жауап арқылы жұмыстар жүргізілді.

Жақсылыққызы Х.- тәрбиеші өз тобындағы сюжетті-рольдік ойынға жасалған ҰОҚ, күннің II-жартысындағы іс-әрекеттер, ойын барысындағы баланың дамуына деген әсері туралы айтып, істелген жұмыстарымен таныстырды.

Жанибекова А.- тәрбиеші ересек тобындағы дамыту ойындар түрлерімен таныстырып, осы топтағы жасалған іс-әрекеттермен, ойын түрлерімен

педагогтарға мағлұмат берді.

**Педагогикалық кеңестің шешімі:**

1.Тәрбиешілердің балалардың тілін дамыту әрекетін көрнекі құралдармен толықтырылып, ұйымдастырылған іс-әрекетін бақылауға **АЛЫНСЫН.**

2.Барлық топтарда кітаптар бұрышы, үстел-үсті театры толықтырылып **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛСЫН.**

3.Барлық топтарда көрнекіліктер реттеліп, **ТОЛЫҚТЫРЫЛСЫН.**

Балабақша меңгерушісі:



Сейсембиева Л.Ш.

Хатшы:

Жанибекова А.

**«Арай» бөбекжай-балабақшасының №1 педагогикалық кеңесінің  
хаттамасы**

**Тайқоңыр елді мекені**

**«30» тамыз 2022ж**

**Қатысуға тиіс:**

**Қатысқандары:**

**Күн тәртібінде**

**1.2022-2023 оқу жылына педагогикалық кестенің төрайымы мен хатшысын сайлау туралы.**

**2.МДҰ жазғы сауықтыру жұмысын талдау туралы.**

**3.Жаңа оқу жылына МДҰ жұмысының міндеттері мен іс-шаралары туралы жылдық жоспар, күн тәртібі, жаңа стандарт әдістемелік бекіту.**

**4.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығының нәтижелері туралы.**

**Тыңдалды:**

**Сейсембиева Л.Ш.-меңгеруші.**

2022-2023оқу жылының хатшысы сайланды. Жазғы сауықтандыру, шынықтыру жұмыстарының орындалуы туралы жалпылама қорытынды есеп берілді. Сауықтандыру іс-шараларының жоспары бекітіліп, тәрбиешілер орындаған жұмыстары туралы айтып кетті.

-Баланың денсаулығын нығайту;

-Витамин терапиясы;

-Нүктелі массаж т.б.

-Сумен шынығу іс-шараларын өткізді;

Тәрбиешілер фото отчет ретінде көрме ұйымдастырып іс-шараларға есеп берді.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша меңгеруші Сейсембиева Л.Ш. 2022-2023 оқу жылы жоспарымен таныстырып өтті. Қ.Р. мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаумен таныстырып, №197 11маусым 2022жылы Жарлығын басшылыққа ала отырып жұмыс жасайтынымызды айтты.

Осы нұсқаулықтың әр саласына тоқталып, өз міндеттерін орындауға күш салулары туралы айтты.

**Сөз алғандар:**

**1.Жанибекова А.- тәрбиеші.**

Топтағы іс-әрекет кестесі мен күн режимі бойынша және баламен жеке жұмыстар жоспарлау туралы өз пікірін айтып өтті. Топтағы құжаттарды толықтырып ретке келтіру, әрбір педагог өз тобында шеберлігін шыңдау мақсатында жұмыс жасау керек екені айтылды.

**Педагогикалық кеңес шешімі:**

- 1.Тәрбиешілердің жаңа оқу жылына дайындығын бекіту. (30қыркүйек)
- 2.Топтағы ағымдық құжаттарды ретке келтіру. (30қыркүйек)
- 3.Әрбір топ жаңа стандартқа сай топ бұрыштарын реттеу. (30қыркүйек)

**Балабақша меңгерушісі:**



**Сейсембиева Л.Ш.**

**Хатшы:**

**Жанибекова А.**

**«Арай» бөбекжай-балабақшасының №4 педагогикалық кеңесінің  
хаттамасы**

**Тайқоңыр елді мекені**

**«9» наурыз 2023ж**

**Қатысуға тиісті:**

**Қатысқандар:**

**Күн тәртібінде**

- 1.Ойын өсіреді.**
- 2.Тәрбиешілердің балалардың ойын әрекетін басқаруын жетілдіру.**
- 3.Мектепке дейінгі ерте жастағы балалардың ойын әрекетін дамыту.**
- 4.Сюжетті рөлдік ойын және оның айналамен танысу бөлімімен өзара байланысы.**

**Тындалды:**

**Сейсембиева Л.Ш.- меңгеруші.**

1)Балалық шақ- баланың жеке тұлға болып өзін-өзі сезінуінің алғашқы сатысы. Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін де негізгі іс-әрекеті- ойын. МДҰ қабырғасында ҰОҚ ойын-сабақ, ойын-жаттығу, сергіту ойындар, дидактикалық, логикалық т.б. ойын түрлерімен тығыз байланысты өтуі тиіс.

**Талқыланды:**

**2)Жақсылыққызы Х.-сәбилер тобы тәрбиешісі.**

Ойын түрлерімен таныстырды. Ойын балалар үшін оқуда, еңбекте, дүниені танудың тәсілі. Өз тобындағы ойын түрлерімен таныстырып, ойын жинағымен таныстырды.

**Жанибекова А.- естияр тобы тәрбиешісі.**

Сюжетті- рольдік ойын және оның айналамен танысу барысына әсері туралы айтып бөлісті. Өз тобында жасалған картотека, ойын түрлерімен көрме ұйымдастырды.

**Педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Барлық топтарда ойын мазмұнын қайта қарап, балалардың жас ерекшеліктеріне сай **ЖОСПАРЛАНСЫН.**
2. Топтардағы үстел-үсті театрын ұйымдастыру жұмысы қайта **ҚАРАЛСЫН.**
3. Тәрбиешілердің сюжетті рөлді ойындар әрекетін ұйымдастыру жұмысы бақылауға **АЛЫНСЫН.**

**Балабақша менгерушісі:**



**Сейсембиева Л.Ш.**

**Хатшы:**

A handwritten signature in blue ink, likely belonging to the secretary mentioned in the text.

**Жанибекова А.**

**«Арай» бөбекжай-балабақшасының №5 педагогикалық кеңесінің  
хаттамасы**

**Тайқоңыр елді мекені**

**«16» мамыр 2023ж**

**Қатысуға тиісті:**

**Қатысқаны:**

**Күн тәртібі**

- 1.Алдағы пед. кеңестің орындалуы туралы ақпарат.**
- 2.Тәрбиешілердің өткен жылдағы жұмыс нәтижесі бойынша есеп беру.**

**Тыңдалды:**

**Сейсембиева Л.Ш.- меңгеруші.**

Топтардағы алдыңғы педкеңес шешімдері бойынша жылдың жасалған жұмыстарына есеп алды. Тәрбиешілер кітапхана, денешынықтыру, сюжетті рольдік ойын, тіл дамыту бағыттарында жасаған жұмыстарына есеп берді.

Берілген есепке қанағаттану деген баға беріліп, келесі жылға кездескен кемшіліктерді жою керек екені ескертілді. Топ тәрбиешілері жылдық жұмыстары, көрнекіліктері бойынша фото отчет, көрме жасап жұмыстарына бір-біріне баға берді.

**Педагогикалық кеңестің шешімі:**

- 1.Жаз мезгіліне сауықтыру-шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыру жұмысы жоспарланып, уақытылы **ӨТКІЗІЛСІН.****
- 2.Балаларға арналған жазғы мерекелік шаралар **ЖОСПАРЛАНСЫН.****

**Балабақша меңгерушісі:**



**Сейсембиева Л.Ш.**

**Хатшы:**

*Handwritten signature in blue ink.*